

Құрмалас сөйлем

Екі немесе одан да көп
жай сөйлемдерден
құралып, күрделі ойды
білдіретін сөйлемдер
құрмалас сөйлем деп
аталады.

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің мағыналық жағынан өзгешеліктерінің кестесі

| Жай сөйлем | Құрмалас сөйлем |
|--|--|
| 1. Жай сөйлем жеке бір ойды білдіреді. | Құрмалас сөйлем күрделі ойды білдіреді. |
| 2. Жай сөйлем бір-бірінен айырым интонациямен айтылады. | Құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары екіншісімен ұласпалы интонациямен айтылады. |
| 3. Жай сөйлем интонациялық жағынан тиянақты болады. | Құрмалас сөйлемнің сыңарлары интонациялық жағынан тиянақсыз болады. |
| 4. Жай сөйлем аяқталған ойды білдіріп, бір бүтін болып саналады. | Құрмалас сөйлемнің алғашқы сыңары аяқталған ойды білдіре алмайды, бүтіннің бір бөлшегі болып табылады. |

- Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен салаласа және сабақтаса байланысады. Мысалы:

Қорқып тұрған атты алқымынан алды да, омбы қардан шығармай жығып алды.

- Бұл – салаласа байланысқан құрмалас сөйлем. Алғашқы сөйлем мен екінші сөйлемнің баяндауыштары тиянақты болып, екеуі тең дәрежеде байланысып тұр.

Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті.

- Бұл – сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлем. Алғашқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, екіншісіне бағына байланысып тұр. Бірінші жай сөйлемді екіншісінен бөліп, өз алдына жеке айтуға келмейді.

Құрамындағы жай сөйлемдердің салаласа, сабақтаса байланысуына орай құрмалас сөйлемдер үш топқа бөлінеді:

салалас құрмалас;

сабақтас құрмалас;

аралас құрмалас.


Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі салалас құрмалас деп аталады. Мысалы: Сақадай сайланған қырық жігіт маңдайды батысқа қойды да, төскейді үзенгіге ала жүріп кетті.

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара екі түрлі жолмен байланысады:

- 1) Іргелес тұрып, ұласпалы интонация арқылы байланысады. Мысалы: **Жалпақ балуан оқ бойы алда отырды, астындағы сары қасқа ат киіктей орғып келеді.**
- 2) Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Салалас құрмалас сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулық шылаулар: 1) да, де, та, те әрі және деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 2) бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген қарсылық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 3) өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті, неге десеніз деген себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 4) не, немесе, я, яки, не (я) болмаса, болмаса, әлде деген талғаулық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 5) кейде, бірде, біресе деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы.

**Құрамындағы жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына қарай
салалас құрмалас сөйлем алты түрге бөлінеді:**





**Сабақтас құрмалас сөйлем
— құрамындағы жай
сөйлемдері бір-бірімен
сабақтаса байланысқан
құрмаластың түрі.**

**Сабақтас құрмалас сөйлем
құрамындағы алғашқы
жай сөйлемнің
баяндауышы тиянақсыз
тұлғада келіп, екіншісіне
бағына байланысады.**

Мысалы: Тапсырманы тиянақтап алғысы келгенмен, қайта сұрауға батылы бармады. Бұл құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемін өз алдына бөлек айтуға келмейді, себебі ой тиянақты емес, ойды тиянақтап, аяқтап тұрған екінші жай сөйлем. Құрмаластың құрамындағы бірінші жай сөйлем екінші жай сөйлемге бағына байланысып тұр. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы тиянақсыз жай сөйлем бағыныңқы сөйлем, ал өз алдына дербес айтыла беретін, ойды тиянақтап тұратын екінші жай сөйлем басыңқы сөйлем деп аталады.

1) шартты
бағыныңқы;

2) қарсылықты
бағыныңқы;

3) себеп
бағыныңқы;

4) мезгіл
бағыныңқы;

5) қимыл-сын
бағыныңқы;

6) мақсат
бағыныңқы.

Аралас құрмалас сөйлем деп кемінде
үш сөйлемнен тұрып, құрамындағы
жай сөйлемдер салаласып та,
сабақтасып та келетін сөйлемді
айтады.

- Аралас құрмаластағы жай сөйлемдер өзара екі түрлі жолмен байланысады: 1) ешбір жалғаулық шылаусыз іргелес тұру арқылы; 2) жалғаулық шылаулар арқылы.
- Аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің – бағыныңқы, басыңқы сыңарларының орын тәртібі әр түрлі болады. Мысалы: Көктем шығып, күн жылынды, бірақ таудағы қар әлі еріген жоқ. Құрылысы: бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

Күшік бауырын көтеріп, өздігінен тырбанып жүруге айналған соң, ас ішетін арнайы асқұйғыш дайындалды, жетектеп жүру үшін мойнына жіп тағылды. Құрылысы: бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.